

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

УРАЗИМБЕТОВ АЛИБЕК БАХТЫБАЕВИЧ

**Тақырыбы: Педагогикалық ЖОО студенттерін оқыту барысында
электронды анықтамалықтарды жасау мен қолданудың теориялық
негіздері**

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B011100 – «Информатика»

Алматы 2016

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
университеті**

«Қорғауға жіберілді»

Математика.физика және
информатиканы оқыту әдістемесі
кафедрасының меңгерушісі
п.ғ.д., профессор

_____ А.Е.Әбілқасымова

« ____ » _____ 20 ____ ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Педагогикалық ЖОО студенттерін оқыту барысында электронды анықтамалықтарды жасау мен қолданудың теориялық негіздері

5B011100 – «Информатика»

Орындаған

Уразимбетов А.Б.

Ғылыми жетекшісі

техн.ғ.к., доцент

Жунусова Л.Х.

Алматы 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	Ошибка! Закладка не определена.
БӨЛІМ 1 Электронды анықтамалықтардың (ЭА) жобалануы мен жасалуының теориялық негіздері.....	8
1.1.ЭА жобалау: Электронды анықтамалықтардың мәні, кезеңдері, мазмұны, құрылымы.	8
1.2 Электронды анықтамалықтарға қойылатын техникалық талаптар.	19
БӨЛІМ 2. Электронды анықтамалықтардың жобалудың техникалық құрылымы..	2Ошибка! Закладка не определена.
2.1 Нысандық аймаққа талдау жасау	2Ошибка! Закладка не определена.
2.2 Электронды анықтамалықтарды жасау программалары	29
Қорытынды	60
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	61

КІРІСПЕ

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Білім беруді ақпараттандырудың президенттік бағдарламасы электронды оқу материалын жасауға себепші болды. Бүгінгі күнде ЖОО білім берудің мазмұнының 60%-ы және кәсіби білім берудің 10%-ы түрлі сандық интерактивті мультимедиалық білім беру ресурстарын (СИМБР): электронды оқулықтарды (ЭУ); мультимедиалық оқыту бағдарламасын (МОБ); виртуалды саяхаттарды (ВС); электронды дидактикалық құралдарды (ЭДҚ) және т.б. жасау жолымен сандық форматқа көшірілуде. Электронды оқу материалы – бұл студентке ғана емес, сонымен қатар оқытушыға көмек. Бұл электронды оқулықтың авторларымен яғни, әріптестерімен қашықтан кәсіби қарым-қатынас жасау құралы. Өйткені біздің электронды бағдарламалар – бұл көбінесе дайын сабақ конспектісі. Сондай-ақ, оның жан-жақтылығының арқасында, олар әдістемелік деректер қоры бола алады.

Электронды оқытудың негізгі мәселелері ақпараттық-коммуникативтік технология негізінде ақпараттық білім беру ортасын құру және оны тиімді пайдалану болып табылады. Электронды оқулық мынандай жағдайларда тиімді: кері байланыспен лезде қамтамасыз ете алады; гипермәтіндік түсініктемелердің көп рет қолданған кезде уақытты үнемдейді; белгілі бір бөлім бойынша білімді тексереді; қысқа мәтінмен көрсете, айта және модельдей алады. Білім берудің кез келген саласында "Электрондық оқулықтарды" пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерістері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру, жаңа ақпараттық және қатынастық технологияларын (АҚТ) меңгеру және жапай тарату үдерістерімен сипатталады. Мұндай технологиялар білім берудің жаңа жүйелерінде оқытушы мен оқушының арасында қарым-қатынас орнату және мағлұмат алмасу үшін белсенді қолданылады. Қазіргі оқытушы АҚТ төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман болуы тиіс. Ашық және басқа білім беру формаларында қолданылатын АҚТ құралдарының негізгі түрінің бірі электрондық басылымдар болып табылады.

Компьютерді оқытушы қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге физикалық формулалар, физикалық шамалардың өлшем бірліктері, графиктер, схемалар, иллюстрациялар, физикалық құбылыстардың динамикалық бейнесі, тәжірибеге арналған құрылғылардың тізімі, аспаптардың сипаттамалары және т.б. жатқызуға болады. Мұғалім

араласпай-ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрырғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Білім саласында электрондық оқулықтарды дайындауда педагогикалық мәселелері мен бағдарламалық құралдарды жасау мәселелері Г.К.Нұрғалиева, Ш.Т.Абишева, Б.Ахметова, А.С.Кадырова, Г.Кудебаева, А.Х.Накпаева, Н.М.Сагитова, А.И.Тажигулова, Н.Даумов, Ш.Х.Курмалина әр қырынан зерттелген.

Студенттерді ақпараттық технология құралдарын қолдануға әдістемелік Е.Бидайбеков, Б.Бөрібаев, Е.Балапанов, Ш.Шекербекова еңбектерінде қарастырылған.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы еңбек нарығындағы кәсіби қызметті әр салалары үшін болашақ кәсіби мамандар даярлау процесі аспектілерін ашу бойынша бірқатар ғылыми зерттеу еңбектері бар. Ақпараттық қоғамдағы орын алған өзгерістер маңыздылығына өз еңбектерін арнаған ғалымдар: Т.Галиев, И.Куроносков, А.Ракитов, Д.Джусубалиева, К.Зуев және т.б. кәсіби даярлықты ақпараттандырудың ғылыми-теориялық және қолданбалы мәселерін Ш.Абдраман, Р.Бектұрғанова, Л.Шкутина, Я.Ваграменко еңбектерінен көруге болады. Оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қолданылуы жайындағы ғылыми еңбектер арасынан Е.Балапанов, И.Высоцкий, А.Коротков, Д.Матрос, М.Мәлібекова, И.Роберт, Г.Тәжіғұлова, М.Көккоз, А.Беляева еңбектерін бөліп қарауға болады. Білім саласында компьютерлерді қолданудың дидактикалық мүмкіндіктерін қарастырған ғылыми жұмыстар арасынан А.Жолдасбеков, Л.Нефедова, Е.Полат, В.Рубцов, Ю.Астратов, И.Дробышеваның еңбектерін атауға болады. Бағдарламау тілдерін жоғары оқу орындарында оқытуға В.Криворучко, Н.Антонова және т.б. зерттеу жұмыстары арналған.

Жаңа ақпараттық технологияны білім беруде қолдану мен студенттердің жаңа ақпараттық технологияны қолдануға дайындығы, сондай-ақ студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселелері И.Богданова, С.Хузина, Н.Астафьева, И.Овчинникова, И.Марусева, А.Смирнов, Г.Кручинина, С.Кариев, Б.Баймұханов, Т.Балықбаев, Д.Джусубалиева, К.Абдиев, С.Кеңесбаев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану және ақпараттық технологияларды қолдану В.Буцик, М.Огурцов, Н.Ладыженская, И.Мылова, И.Богданова, Ю.Иванов, Т.Добудько, Т.Сергеева, Г.Брусницына, Т.Смыковская, В.Федорова, С.Хузина, В.Варченко, И.Ивакино, В.Пугач, Т.Ильина, С.Зайцева, И.Левченко және т.б. ғалымдардың ғылыми-зерттеу

жұмыстары, оқыту процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен, компьютердің бағдарламаланылуы динамикалық бейімделумен үйлесіп, оның тұтастығын сақтай отырып, оқу процесін жекелендіруге әсер етеді.

Бұл дипломдық жұмыстың зерттеу **мақсаты** интерактивті электронды анықтамалықтарды жасаудың программалы-құралдырын қолдануды үйрену және онымен жұмыс істеп дағдылану

Зерттеу нысаны болып осы электронды анықтамалықтарды қолдана отырып пәнді оқыту үрдісі болып табылады.

Зерттеу пәні болып осы электронды анықтамалықтардың оқытуға беретін тиімділігі болып табылады.

Дипломдық жұмыстың мақсатына жетту үшін мынадай **міндеттер қойылды:**

1.Электронды анықтамалықтарды жобалаудың ерекшеліктерін түсіну үшін арнайы педагогикалық, психологиялық әдебиеттер мен интернет-ресурстарды саралау.

2. Электронды анықтамалықтардың жасалу мен жобалау кезеңдерін қарастыру және анықтау.

3.Информатика пәнінен бақыла және өзін-өзі тексеру тапсырмалырын орындауға қажетті және жеткілікті мүмкіндік беретін оқу материалдарын қамтыған электронды анықтамалықтардың мазмұнын жасау.

Зерттеу мәселесі. Айта кету керек, электронды анықтамалықтарды жасау бүгінгі таңда **өзекті** мәселелердің бірі болып табылады, себебі ол ақпараттық технологияларды дамытудың оқытушымен студенттің білім алу үрдісінде көмекші құрал ретінде бір бағыты болып табылады. Сондықтан қазіргі кездегі білім беру үрдісіне ақпараттық технологияларды және электронды анықтамалықтарды қарқынды енгізу бірден бір қажетті деп санаймыз.

Дипломдық жұмыстың жасалу барысында қолданыста бар электронды анықтамалықтарды және электронды анықтамалықтарды жасаудың арнайы программаларын талдау жоспарланды.

Дипломдық жұмыстың зерттеу мәселесіндегі **талап** оқу материалдарын беруде әртүрлі рационалды технологияларды үйлестіру болып табылады.

Зерттеу **әдістері** электронды анықтамалықтарды жасауға мүмкіндік беретін қолданыстағы қолданбалы программаларды пайдалануға, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетінің өнімділігін арттыруға және оны белсендіруге бағытталған электронды анықтамалықтарды құру принципінің кешенін анықтауға негізделген.

Дипломдық жұмыстың **практикалық базасы** оқыту барысында оқу материалдың көрнектілігін қамтамасыз ететін инструменталды құралды жасау болып табылады.

Дипломдық жұмыстың **ғылыми жаңалығы** электронды анықтамалықтарды дайындау, негіздеу және тиімді пайдалану режимдерін қолдау болып табылады.

Дипломдық жұмыс екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Дипломдық жұмыста 5 кесте және 20 сурет қойылған.

БӨЛІМ 1. ЭЛЕКТРОНДЫ АНЫҚТАМАЛЫҚТАРДЫҢ (ЭА) ЖОБАЛУЫ МЕН ЖАСАЛУЫНЫҢ ТЕОРЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. ЭА жобалау: электронды анықтамалықтардың мәні, кезеңдері, мазмұны, құрылымы

Электронды анықтамалықтар бүгінгі таңда компанияның қазіргі замағы инновациялық имиджін жасау мен рынокта өз қызметтерін көрсетудің ең бір қызықты да тиімді құралдарының біріне айналуда. Электронды анықтамалықтар өте бір әдемі және қолжетімді түрде компанияның өнімі, қызметі мен пайдаланатын технологиялары жайлы айтып бере алады. Электронды анықтамалықтар өзінің көлемі мен форматына қарай электронды пошта арқылы жөнелтіле алады және әртүрлі CD-дисклерде жазылып, өзі таңдалған аудиторияларға презентация, сувенир-сыйлық ретінде таратылып, конференциялар мен көрмелерде демонстрациялық материал ретінде көрсетіліп немесе оқу материалы ретінде пайдаланылады.

Аса жоғарғы сападағы графикалық схемаларды, формулаларды, берілгендерді безендіру, динамикалық суреттеудің жүйелі немесе тармақталу түріндегі мүмкіндіктерді түрлі түсті компьютерлік анимациясында қолдануға, және оларды жоғары деңгейде ұсыну қарастыруға болады.. Электрондық оқу материалдары барынша ыңғайлы және көрнекті дидактикалық материал беруге немесе оқуға назар аударылады және білім алуда қиындықтарды жоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оларға ұқсас оқулықтарды бағалау, нәтижелі құралдарымен, тиісті жабдықталу және білімдердің бақылау процесін меңгеру және дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді..

Электрондық оқу материалдарын жасаудағы маңызды ролі оқулықты әдістемелік қамтамасыз етуді жобалау алады. Электрондық оқу материалдарымен оқытудың (білім берудің) барлық негізгі кезеңдерін автоматтандыру - оқу материалдарының мазмұнын бақылауға және қорытынды бағалаулардың ұсынысын жасауға дейін көздеген . Соның арқасында барлық міндетті оқулық материалдары жарқын, қызықты, ақылдың үлесімен ойындық жүріске ,яғни кең қолданысқа ие мультимедиялық түрін графиктерде, соның ішінде интерактивтік және дауыс жүргізу арқылы ауыстырылады.

Сондықтан, тиімді оқулықтан электрондық оқу материалын жасауға оның жабдықталуымен (гипермәтінін жасау) және көрнекілік жағынан жақсы материалмен (мультимедиялық құралмен қоса) және компьютер экранында іске асыру жеткіліксіз. Электрондық анықталықта мәтіндік суреттерге, анықтамаға айналдыру емес, оның негізгі принципіне мән беріледі.

Электрондық оқу материалы өз кезегінде оқытушыларға, бақылаушыларға, үлгі жасаушыларға және тағы басқаларға

бағдарламалардың жинағының ПЭВМ магниттік сақтаушыларда (қатты немесе жұмсақ дискілерде)қондырылуын, мазмұны негізгі ғылыми оқулық тәртібін ұстауды ұсынады. Әдеттегі электрондық анықтамалықтар жиі толықтырылады, ал егер неғұрлым нәтижелі болсын десек, онда ол: практикалық кері байланысты шапшаң қамсыздандырады; қажетті хабарды жылдам табуға көмектеседі (соған қоса контекстік іздеу), әдеттегі күрделі оқулықтан қайсысын іздеуді; маңызды гипермәтіндік түсіндірулерге аз сұрай беріп уақытты үнемдейді, сонымен қатар қысқаша мәтінмен - көрсетеді, айтып береді, үлгі жасайды және т.б. оның түсініктемесі жеке адамға лайықтап жасалған, білімдерді тексеру арнайы бөлімде қарастырылады [1].

Электрондық оқу материалының жұмыс тәртіптері

Электрондық оқу материалының жұмыс тәртібінің ерекшеліктерін көрсетуге болады:

- бақылаусыз оқыту;
- бақылаумен оқыту, оқытылған әрбір тарау (параграфтың) бойынша арнайы бақылау сұрақтарымен қортылады;
- қорытынды бақылау тест арқылы бітеді.

Оқу материалының электрондық нұсқасы бақылау құралдарына кедергі келтіруде, дәл осы бақылау сияқты оқуда білімдерді бақылау негізгі мәселе болып келеді. Ұзақ уақыт бойы білім берудің дәстүрлі жүйесінде білім бақылауы ереже сияқты, ауызша түрде өткізілген еді. Қазіргі кезеңде тестілеудің әртүрлі әдістері қолданылуда. Көбісі, бұл позицияларды бөлмейді, сондай тесттер қажетті дағдыларды қалай талдау керектігін және мәселенің шешімін табуды шектейді. Жаңа технологияларды қолдану арқылы қашықтықтан оқыту жүйелерінде сапалы және жаңаша мүмкіндікпен шешуге болады. Біз электрондық оқулық түрін құрдық, сайып келгенде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқу нәтижелілігін жоғарылауына жағдай жасайтындығына үміттенуге болады, сонымен қатар білім алушының дербес дайындалуына таптырмас құралы деуге болады.

Электрондық анықтамалық білім алушының дербес жұмысы үшін, күндізгі оқуда және әсіресе қашықтықтан оқытуда қажетті:

- оқулық баспа әдебиеттері болғандықтан, материалдардың қарқынды дамуы, есту және оның жадымызға әсері және т.б. оқулық материалдарды түсіну жеңіл түседі;
- дайындаудың оның білім алушының қажеттіліктерімен, деңгейімен сәйкес бейімделуді, ойдың мүмкіндіктеріне және шымдануға рұқсат етеді;
- көптеген есептеулерден және өзгертулерден азат етеді, пәннің мәніне оймен шоғырлануға, үлгілердің үлкен санын қарап шығуға және көбірек тапсырмаларды шешуге рұқсат ете білу;
- барлық жұмыс кезеңдерінде өзін-өзі тексеруге арналған өте кең мүмкіншіліктерді пайдалануына мүмкіндік беру;

- жұмысты көрнекі және ұқыпты формаға келтіруге және файлдық немесе баспадан шығару (распечатка) түрінде оқытушыға тапсыруға мүмкіндік туғызады;

- шексіз шыдамды жетекшінің рөлін атқарады, түсіндірулердің практикалық шектелмеген санын береді, қайталанатын және қайталанатын басқа да сөздерді пайдалану.

Мұндай жетістікке жету үшін студент өз білімін жетік игере білу қажет.

Электрондық анықтамалық оқытушы үшін ыңғайлы, себебі ол :

- лекцияларға және практикалық жұмыстары өзінің қалауына бағытталады, яғни аз көлемді, бірақ ең мазмұнын есепке алу;

- арақатынастардың мөлшерін үнемдеуді, үлгілерін ұстауы және мақсаттарды ықшамдауға;

- студенттермен жұмыс жасағанда, әсіресе үй тапсырмалардың және бақылау іс-шараларына тиісті бөлімінде дербестікке мүмкіндік береді.

2006 жылдың 1 наурызындағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың халыққа жолдауында «Электрондық үкімет» жүйесін шұғыл енгізу қажеттілігін әдейі басқа көрсеткім келеді деп нақты атап көрсеткен. Біз электрондық үкіметпен ел басқарамыз, мемлекеттік органдарды тиімді пайдаланамыз.

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта электрондық WEB оқулықтың қандай екендігі туралы біртұтас ой жоқ. Электрондық анықталық дегеніміз- мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық анықталықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуға тиіс. Электрондық анықталықта оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Себебі, оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады. мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез немесе жәй түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық анықталықта таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электрондық анықталықта ең қажет элементі-шағын деп жинақы болуы.

Бір жағынан, электрондық анықталықтың келеңсіз жақтары да бар. Бұл психология- педагогикалық талаптардың, пәнаралық байланыстардың жоқтығы сияқты. Тағы да бір ең үлкен кемшілігі –фрагменттік бағдарлама. Ол материалды толық қамтуы немесе оқулықтарды толық аудару, берілген материалдағы санитарлық, гигиеналық нормалардың сақталмауы,

компьютердің графикалық мүмкіншілігінің қолданылуының нашарлығы және әлсіздігі[2].

Электрондық оқу материалдарын қолданылу барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Сондай-ақ мұғалімдерге де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану-оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой-өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір-бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік-жетістіктерді айтып отырсақ жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймын.

Электрондық анықтамалық және оның құрылымы

▪ Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – оқыту процесін ақпараттандыру. Аталған бағытты жүзеге асыру үшін жаңа буын оқулықтарын электрондық түрге аудару қажет.

▪ Электрондық анықталықтың мазмұны пайдаланушылардың интеллектуальдық ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы жеткілікті: жинақтылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы және т.б.

▪ Электрондық анықталықтар ара қашықтықтан оқыту формасына негізделіп жасақталады және оны жүзеге асыру үшін қолданылады.

▪ Осы уақытқа дейін бақылаушы, жаттықтырушы, модельдеуші, дидактикалық ойындар сияқты қолданбалы программалар қолданылып келді. Бұл программалар пайдаланушының өздігінен оқып-үйренуіне және өзіндік жұмыс жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді[3].

▪ Электрондық анықталықты құрастырған кезде оның мәтіндік ақпараттан гөрі графиктік ақпарат көбірек қамтылуы керек, себебі ол пайдаланушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды.

Электрондық анықтамалыққа қойылатын талаптар

- Жан-жақтылығы.
- Ізгіліктілік. Онда кез келген орындаушы өзіне қажетті білімді ала алады.
- Бейімділігі. Ұсынылып отырған оқу материалы барлық орындаушылар үшін біркәнді болуы керек. Бірақ оқу материалы әр түрлі формада берілуі мүмкін.
- Модульдік. Кез келген электрондық анықталықты дәстүрлі анықтамалықтар негізінде құрылымын жасақтау.
- Экономикалық тиімділігі. Аталған оқулыққа сұраныс көп болуы қажет және сәйкес түсетін пайданы да қарастыру қажет.

- Тұтынушыға бағдарлау.
- Электрондық анықталықтың құрамы:
- Аннотация;
- Нысан туралы қысқаша ақпарат;
- Электрондық анықталықпен және оның бөліктерімен жұмыс жасау туралы әдістемелік нұсқаулар;
 - Теориялық материалдарға негізделген оқу құралы;
 - Алфавиттік көрсеткіш;
 - Озат мұғалімдердің жасақтаған қосымша авторлық материалдары;
 - Аталған құрам арқылы электрондық оқулықтың құрылымы тұрғызылады [4].

Электронды анықталықтарды жобалау басқа ақпараттық жүйелер сияқты өзіндік белгілермен ерекшеленеді. ЭА жобалауда екі кезенді атап өтеді. Бірінші және негізгі кезеңі болып дидактикалық шарттарды айқындап алу болып табылады. Электронды оқу материалдарын жасақтауда бірден бір ерекшелік осы дидактикалық шарттар болып табылады. Осы дидактикалық шарттар ЭА басқа ақпараттық жүйелерден айырмашылығын көрсетеді. И.Г.Захароваңың жұмыстарында ЭОҚ жобалау төменнен жоғары қарай әдісімен жүру керектігі нақтылап айтылған. Яғни болашақ оқу-тәрбие ісінің интеграция ерекшеліктері ескере отырып ЭОМ концептуалды және технологиялық тұрғыдан жобалау керек. Бұл жағдайда жобалау қандай да бір мақсат қойылғаннан кейін және бұл өнімді қалай қолдану қажеттігі анықталғаннан кейін жобалау басталады. Педагогикалық концепция анықталғаннан кейін ЭА мазмұны құрастырылады және де тақырыптар не модулдар бойынша бөлшектенеді. Модулдердің және сценарилердің жобасы жасалады. Келесі кезеңде дизайн жұмысы басталады, ол әдістемелік идеяларды пайдаланушы интерфейсіне айналдырады, соныменде ЭА функционалды құрылымын іске асыру және жобалау жасалады.

ЭА жасаудың және жобалаудың технологиялық кезеңдері:

1. аналитикалық кезең, бұнда жалпы ЭА жасалуы, қолдану аймағының ақпараттық жүйесінің моделін құру, оқытудың дидактикалық мақсаттарымен міндеттерін негіздеу, жалпы ЭА толтырулуына қосымша шолу жасау;
2. стратегиялық кезең, бұнда жасалатын ЭА пайдаланытын контингентке баға беру, оны саралау, оқыту стратегиясын анықтау;
3. оқу-үйрету кезеңі, бұл кезең алынды кезеңдермен. Тығыз байланысқан және ЭА жалпы жасалуына жоспар құру болып табылады;
4. технолого-конструкциялық кезең, бұл кезеңде ойлаған ойды программалық өнім ретінде іске асыру, оны өңдеу, оны жөндеу, қажетті жерлерінде түзету енгізу болып табылады;
5. іске- қосу кезеңі, бұнда жасалған программалық өнімді апробациядан өткізу;

6. бақылау-диагностикалық кезең, бұл кезеңнің қорытындысы бойынша программалық өнімнің сапасына қана бағқа беріліп қойылмайды, соныменде бірге ЭА-ға функционалды талаптарға сәкестіген жалпы баға;
7. болжам кезеңі, бұнда ЭА пайдаланушылардың айтқан ескетулерімен тілектері ескеріліп ЭА жасалуына қайта мәселе қарастырылады.

Осы айтылған негізінен көріп отырғанымыздай ЭА мазмұнымен білім беру технологиясының жобалау ерекшеліктері мынада деп айта кетуіміз керек:

1. пәндік аймақты құрылымдау әдісі пайдаланыды, бұл дегеніміз оқу материалы тұтастығын жоғатпайды, логикалық жағынан еш бұзылмайды;
2. оқыту үрдісін ұйымдастыруда ЭА қолданудың негізгі компоненттері бөлініп алынады.;
3. пәндік аймақтың брегелік тезарурсы жасалады;
4. пайдалану әдістемесі әртүрлі инновациялық технологиялар қосылып, олардың интерактивті версияларын ескере отырып жасалады.

ЭА жобалағанда мына бағыттарды ерекше атап айту керек: мәселенің идентификациясы, концептуалдылығы, формалдылығы, іске асыру және тестлеу.

Идентификацияда қатысушылардың ролі анықталады, пайдаланатын ресурстарды, міндеттермен мақсаттың сипаты беріледі. Бұл кезеңде жұмы тобы анықталады: педагогтар мен программистер өз жұмыс аймақтарын айқындап алады.

Концептуалдылықта анықтамалықтың мазмұны, мақсаты анықталып, ол білім базасының концептуалды негізін қалайды. Педагог ЭА қандай оқу материалдарын кірістіретіндігін анықтайды және олар қандай баланыста болатынғын (текст, графика, анимация, дыбыс видеофрагменттер).

Формалдау бұл ЭА қолдану барысында шешілетін дидактикалық міндеттерді талдау болып табылады және оқыту әдістемесіне қажетті әдістерді іздеу және формалдау. Бұл кезеңде оқытылатын дидактикалық материалды болжамды сценарий жасалады.

Іске асыру кезеңі дидактикалық мәселелердік формалданған әдісінің шынайылыққа ауысу болып табылады. ЭА бұл автоматтанған оқыту жүйесінің бір көрінісі болып табылады. Оның ерекшеліктері таңдалған ақпараттық технологиялармен беріледі.

Тестлеу бұл кезеңде ЭА жұмыс жасауының ең үлкен ықтималдығы анықталып, оның әлсіз жақтарын табады. Бұл жерде сценарийді тексеру

керек,себебі таңдалған оқыту әдістемесінің тиімділігі дәлелдеп не жарамсыздығын айту.

ЭА өзінің мазмұны бойынша пәндік аймақтың материалдын толық беру керек және педагогикалық және әдістемелік тәсілдерді көрсету керек,яғни:

- оқу материалының жеткілікті көлемі, өзектілігі,жаңалығы және ерекшелігі;

- фактографикалық, практикалық мазмұндылық, культурологиялық құрамы,жүйелік және толықтылық;

- материалды беретін әдістеме негізінде программалық өнімнің педагогикалық мүмкіндігі.

ЭА маңыздылығын ескере отырып, оның өзбетімен жұмыс жасауға сеп болу үшін мына талаптарды қосуды жөн көрдік:

1. теориялық материалды мазмұндау да нақты логиканың болуы, бұнда арнайы схемалар қосылу керек;
2. мәселені нақты қою;
3. оқу-тәрбие үрдісінің барлық формаларын жандандыратын тәсілдер мен әдістерді пайдалану.

Аса жоғарғы сападағы графикалық схемаларды, формулаларды, берілгендерді безендіру, динамикалық суреттеудің жүйелі немесе тармақталу түріндегі мүмкіндіктерді түрлі түсті компьютерлік анимациясында қолдануға, және оларды жоғары деңгейде ұсыну қарастыруға болады. Электрондық анықтамалықтар барынша ыңғайлы және көрнекті дидактикалық материал беруге немесе оқуға назар аударылады және білім алуда қиындықтарды жоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оларға ұқсас оқулықтарды бағалау, нәтижелі құралдарымен, тиісті жабдықталу және білімдердің бақылау процесін меңгеру және дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Электрондық анықтамалықтарды жасаудағы маңызды ролі оқулықты әдістемелік қамтамасыз етуді жобалау алады. Электрондық анықтамалықпен оқытудың (білім берудің) барлық негізгі кезеңдерін автоматтандыру - оқу материалдарының мазмұнын бақылауға және қорытынды бағалаулардың ұсынысын жасауға дейін көздеген . Соның арқасында барлық міндетті оқулық материалдары жарқын, қызықты, ақылдың үлесімен ойындық жүріске ,яғни кең қолданысқа ие мультимедиялық түрін графиктерде, соның ішінде интерактивтік және дауыс жүргізу арқылы ауыстырылады.

Сондықтан, тиімді оқулықтан электрондық анықтамалық жасауға оның жабдықталуымен (гипермәтінін жасау) және көрнекілік жағынан жақсы

материалмен (мультимедиалық құралмен қоса) және компьютер экранында іске асыру жеткіліксіз. Электрондық анықтамалықта мәтіндік суреттерге, анықтамаға айналдыру емес, оның негізгі принципіне мән беріледі.

ЭА жобалау жоғарыдан төмен принципі қолданылады дедік. Бұл жерде ЭА жобалауға мына талаптар қойылады:

1. ЭА қолдану барысында жететін мақсатымызды және көмекші мүмкіндіктерін анықтау;
2. анықтамалықтың мазмұнын жасақтау және ЭА қолданғаннан кейін оны ұлғайту ;
3. тақырып пен модуль бойынша жіктеу;
4. ЭА жұмыс сценарийін жобалау;
5. ЭА негізінде оқыту барысын бақылау базасын жасап, оны басқару мен мониторинг ұйымдастыру;
6. ЭА апробациясы.

ЭА құрылымына қойылатын талаптарға келейік. Қазіргі заманы ЭА бұл күрделі дидактикалық жүйе, ол жүйенің жұмыс жасауы оқу процесін ақпараттық коммуникациялық технологиялармен оқытуды жүзеге асыру болып табылады. Жүйе болғандықтан оған оқытудың автоматтанған функциясы бірге басқа программалық өнімдер кіреді. Сонымен бірге ол жүйеге ЭА жұмысы туралы деректер сақталатын базада кіруі мүмкін. Соныменда біткен ЭА мынадай функционалды блоктар болу керек :

1. ақпаратты-мазмұнды;
2. бақылау-коммуникативты;
3. коррекциялық-жалпылау.

Ақпаратты-мазмұнды блок өз кезегінде мына ішкі блоктардан тұрады.

1. ақпараттық:

- жалпы мағұлмат;
- тақырыпты жүйлеп мазмұндау;
- компьютерлік программалар;

2. мазмұнды:

-оқулықтар, есептер жинағы, оқу құралы, әдістемелік нұсқаулар, хрестоматиялар;

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен университеттер мен академияларды, мектептердің оқу-білім Web-сервер, Интернет материалдары;

Бұл блокты жеке беругеде немесе жасалған программалық өніммен беруге болады.

ЭА тәжірибесін талдау көрсеткендей оқу процесіне сызықты және сызықты емес тізбектердің негізінде оқу материалын тұсаукесер баламалы әдістері негізінде ең тиімді курстар болып табылады. Сызықтық тізбектің аясында ЭА студент білімін мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес қажетті қол жеткізуге мүмкіндік береді, оқу материалдары дәйекті жұмысты құрайды. Студент тақырып табысты игеруіне байланысты кезде жоғары деңгейге ЭА жұмыс істеуге арналған сызықтық емес тізбек, ол мәселені терең зерттеу үшін қолдануға мүмкін қосымша теориялық материалды ұсынды. Сонымен қатар, оның кәсіби және шығармашылық өсуі үшін маңызды болып табылады студентке қосымша материалдар ұсынылуы мүмкін. Бұл мәселе мұғалімнің мазмұнын іріктеуде ескерген жөн [15],[25].

Бір және бес экрандар болуы мүмкін - электронды материалдармен жұмыс практикасы тұрғысынан анықталады ЭОМ өздік жұмысы, дайындықтан ақпаратты сіңірілетін оқыту бірлігі екенін көрсетеді. Алайда, ақпарат бөлігі сұранысқа жатады - оның мазмұны логикалық келісілген сипаты болуы тиіс. Оңтайлы, білім беру, ақпарат бір рет «бөлінбейтін» көлемі компьютердің үздіксіз жұмыс өзін-өзі батыл рұқсат етілген ұзақтығы арналған тренинг ұсынады - көп емес 30-40 минут. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру материалды зерттеу, оның салты үшін ең қолайлы сәйкес жолын пайдалануға болады, бірақ оған уақыт бөледі және әдеттегі кәсіп ұқсас болады

ЭА-да бақылау-коммуникативты блок болмайды.

Интерфейс дизайнының негізгі принциптерінің бірі болып табылады функционалдық құрылымдау. Интерфейс құрылымы ЭА құрылымын көрсетуі тиіс. Функционалдық құрылымдау базалық бірлік, біз функционалды құрылымдаудың фрейм ұғымын енгіземіз.

Кадрдың слоттары деп аталатын, фрейм жиынтығы тұратын құрылым болып табылады. Әрбір ұясы атауы және оның мәнінебайланысты тұрады. Мәндер деректер немесе басқа да кадр сілтемелер болуы мүмкін. Осылайша, фреймдер тесіктер арқылы желіге қосылған болуы мүмкін.

Біз ағаш желіні қана қарастырамыз , осы желіге шектеу қояды. Осы тәсілді қолданып салынған интерфейсстің құрылымы фреймиерархиясын құрайды

ЭА –тың интерфейсін жобалағанда оның құрылымынан үш абстрацияны бөліп аламыз: концептуалды, логикалық және физикалық.

Концептуалды деңгейде интерфейс фреймдердің иерархиясы болады. Бұны ЭА интерфейсінң концептуалды схемасы деп аталады.

Логикалық деңгей бұл концептуалды схеманың пайдаланушының графикалық интерфейсінң стандартты элементтерінің бейнелеуі болып табылады. Бұны ЭА интерфейсінң логикалық схемасы деп аталады.

Физикалық деңгейде логикалық схема нақты аспаптық құралмен жүзеге асады. Бұны ЭА интерфейсінң физикалық схемасы деп аталады.

Эа интерфейс ретінде мүмкіндігінше пайдаланушының жеке қажеттігін ескеру тиіс. Ыңғайсыз интерфейс ЭА табысты пайдалнуына кедергі болуы мүмкін. Сондықтан, біз пайдаланушы ЭА интерфейсі барынша икемділік қамтамасыз етуі тиіс.

ЭА құрылымы негіздемелік зерттеу материалды көлемі мен тереңдігі бойынша оқушының бақылау мүмкіндігін қамтуы тиіс. Бұған көлденең модульдерін енгізу арқылы қол жеткізуге болады. ЭА интерфейсі модулдер иерархиясын шарлауға мүмкіндік берумен қатар өткен материалды визуалды маркировка жасауды қамту керек. Маркировка автоматты түрде не қолмен жасалу тиіс. Горизонталды қабаттану мүмкіндігін вертикалды шарлау дейді.

ЭА өзінің құрылымына қарай вертикалды қабаттарға бөлінеді. Вертикалды қабат ретінде мына дидактикалық материалдарды пайдаланады: теория, библиография және терминдік сөздіктер. ЭОМ интерфейсі ағымдағы модулдің кез келген вертикалды қабатына бару мүмкіндігі болу керек. Бұл ауысуды горизонталды шарлау дейді.

Сонымен ЭА интерфейсінә мынадай талаптар қойылады:

1. Интерфейсті персонализациялау: ES интерфейс соңғы пайдаланушы үшін барынша икемділік қамтамасыз етуі тиіс.
2. ЭА горизонталды қабаттануын қолдау: интерфейс таңбалау мүмкіндігі бар тік навигациялық шарлауды қамтамасыз етуге тиіс.
3. ЭА вертикалды қабаттануын қолдау: интерфейс таңбалау мүмкіндігі бар горизонталды навигациялық шарлауды қамтамасыз етуге тиіс.

Көп жағдайларда, барлық материалдар іс жүзінде кез келген белгілі электрондық көріністер: дискеттер, CD-ROM, электрондық пошта, немесе жай ғана оқу сервері аумағында ЭА білім алушыларға көзделген болуы мүмкін.

Олардың жұмысы сервер ақпараттық ресурстарды пайдалануға негізделген жағдайда модельдеу бағдарламаларын, қорытынды тестілеу жүйелерін ерекшелік болуы мүмкін.

Қазіргі кезде ЭА жобалауда мынадай технологиялар қолданылады:

1. Мультимедиялықты қоса алғанда дерекқор технологиясы ұштастыра жоғары деңгейлі бағдарламалау тілінде жобалау;
2. гипермәтіндік технологиялар;
3. арнайы аспапты құралдармен жобалау.

Жоғары деңгейдегі бағдарламалау тілін анықтамалыққа пайдаланған кезде ол бағдарламалық пакетін ретінде жүзеге асырылады, және мазмұнға қол жеткізуге мүмкіндік береді жеке орындалатын дерекқорда сақталады. Бұл өнім қорғау дәрежесі жоғары жабдықталған болуы мүмкін әсіресе, тестілеу жүйесіне рұқсатсыз енгізу, және көбейту,. Бұл тәсілдің басты артықшылығы басқа технологиялар негізінен жеткілікті қиын немесе мүмкін емес жасауға, ал жоғары деңгейдегі бағдарламалау тілінде (Object Pascal, C++) және қуатты деректер базасын басқару жүйесін пайдалануға, кез келген авторлық құқықты іске асыруға мүмкіндік береді конструкциялары бар[32],[38],[40].

Сонымен қатар, интерфейс (қарау терезесі, оның ішінде компоненттерін орналасуы, қаріптер), әрқашан тұрақты болып табылады,ал Көру үшін әр түрлі бағдарламалар пайдаланған кезде гипермәтін құжаттың пайда өте әр түрлі болуы мүмкін.Жасалған анықтамалықтың емшіліктерін түзету оңай емес. Ол жанартуды талап етеді.Анықтамалықты программалау мықты маман прорграмистердің көмегімен жасалады.Ең сонында анықтамалық қайталанбас өнім болып шығады.Анықтамалықты жасауды ең үздік технологиясы гипермәтіндік технология болып табылады.Бұл технологиямен жұмыс істегенде гипермәтінге көңіл аударлады,себебі адам баласының ақпаратты байланысту мүмкіндігі қатты дамыған деп есептеледі.Бұл жағдайда ЭА гипермәтіндік құжат болып табылады,оның құрамына динамикалық мәтінде кіруі мүмкін.Бұндай анықтамалықтарды жасау үшін HTML, JavaScript, VBScript, Perl, PHP программалық тілдері қолданылады.Бұл анықтамалықтарды артықшылығы олар платформадан тәуелсіздігі және әмбебаптығы. Соныменде бұндай анықтамалықтарда түзету, толықтыру жұмыстары еш бөгетсіз жасалады. Кемшілігі еш бөгетсіз көшіруінде,яғни авторлық құқытың бұзылуы мүмкін.

Үшінші тәсіл ерекшеліктері Электрондық анықтамалық жобалау кезінде осы тәсіл бірінші екі арасындағы кететінін аралық қалыпта анықталады, арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын пайдалана отырып, жүзеге асырылады. Егер сіз - Бұл жағдайда, ол электрондық энциклопедия құру жөніндегі жұмыстар алдын-ала құрылымдық материалдар ЕЭА түрінде беріледі айырбастауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарлама

құралы ауыстырады деп болжанып отыр. Көп жағдайларда, мысалы, электрондық анықтамалық айтарлықтай мультимедиялық деректер базасымен басқару жүйесі деректер болып табылады. Бұл жүйенің негізгі ерекшеліктері арнайы сұрау бойынша нақты ақпаратты табу үшін арнайы тілін, сондай-ақ студентке ыңғайлы нысанда табылған ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Екінші бағыттың мәні білім беру серверінде, тұратын болады, оның «құрылыс блоктары» сұрыптау және бірыңғай ақпараттық білім беру ортасын негізгі мазмұны үшін түрлі электронды анықтамалығын әзірлеу болып табылады. Осы мәселеде басты рөл, әрине, мұнда оқытушылар, сонымен қатар білім алушыларға арналған тиесілі қызметінің кең өріс ашады. Ол, мысалы, шолу материалдарды қамтитын веб-беттердің дайындау және каталог модельдеу бағдарламаларға дерекқорларды қалыптастыру, белгілі бір санаты үшін ақпарат ең құнды көздерін (Интернет сілтемелер) түзеді. Гипертекст технологиялар пайдалану тұрақты мұғалімдеріне арналған және студенттерге арналған ақпаратпен жұмыс істеуге қабілетін арттыру, бүкіл жүйені өзгерту және кеңейту үшін жеңілдетеді.

1.2 ЭА техникалық орындалуына қойылатын талаптар

Оқыту процесінде ЭА тиімді пайдалану үшін, сондай-ақ техникалық мазмұны параметрлері ғана емес Өнімділігі, эргономика және көркем ерекшеліктері. Бұл мынадай негізгі талаптар болып табылады:

1. қажетті жад көлемінің оңтайлығы, дұрыс автоматты орнату, пайдаланушы үшін оның қолжетімділігі.;
2. ЭА барлық орындаулардың бағдарламалық құрал функциялары мен логикалық өтулердің ретінде орындау;
3. жоғары сапалы бағдарламалық қамтамасыз ету іске асыру, перифериялық бар сұрақтар дұрыс жұмыс істеуі үшін параллель қосымшаларды, жауап жылдамдығын іске қосылған кезде;
4. мультимедиялық компоненттерін мультимедиялық, өзіндік және сапасын пайдалану және үйлесім жеткіліктілігі ;
5. ЭА интерактивті жұмысты ұйымдастыру;
6. Программалық өнімнің эргономикалығы.

ЭА жасауда дәстүрлі және қазіргі дидактикалық принциптерін ескеру керек. Дәстүрліге мыналар кіреді:

